

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2019 жылғы 1 тамыздағы № 80 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 6 тамызда № 19206 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 10 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының м.а. 15.01.2020 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықтың көшірмесін құқықтық статистика және арнайы есепке алу мүдделі субъектілеріне мәлімет үшін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры*

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының міндетін

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының ТІЗБЕСІ

1. "Мемлекеттік қызметтен жағымсыз себептермен босатылған адамдарды есепке алу ісін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 39 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6986 болып тіркелген, 2011 жылғы 16 шілдеде № 301-302 (26696) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қызметтен жағымсыз себептермен босатылған адамдарды есепке алу ісін жүргізу және пайдалану қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

2-тармақтың төртінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комитеттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бойынша басқармалары, Әскери басқармасы және аймақтық көлік басқармасы (бұдан әрі – аумақтық органдар) жергілікті есепке алулар жүргізеді.";

Қағидалардың 1, 2-қосымшалары осы Тізбенің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Прокуратура органдары жүзеге асыратын міндеттерді атқару үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2013 жылғы 23 қыркүйектегі № 101 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8808 болып тіркелген, 2013 жылы 26 қазанда № 240 (28179) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелеріне, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына, Бас әскери және көлік прокуратураларына, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана прокуратураларына, Комитеттің аумақтық органдарына мәлімет үшін жолдасын"

3. "Атқарушы құжаттар бойынша міндеттемелерді орындамаған тұлғалардың, сондай-ақ әкімшілік айыппұлды салу жөнінде қаулыларды ерікті түрде орындамаған тұлғалардың орталықтандырылған деректер банкін (борышкерлердің орталықтандырылған деректер банкі) құру және оны жүргізу

жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 8 шілдедегі № 70 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9628 болып тіркелген, 2014 жылы 15 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атқарушы құжаттар бойынша міндеттемелерді орындамаған тұлғалардың, сондай-ақ әкімшілік айыппұлды салу жөнінде қаулыларды ерікті түрде орындамаған тұлғалардың орталықтандырылған деректер банкіні жүргізу туралы нұсқаулығында (борышкерлердің орталықтандырылған деректер банкі):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. ДОДБ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінде (бұдан әрі – ҚСЖАЕК ААЖ) әкімшілік құқық бұзушылықты айқындауға және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға (бұдан әрі - әкімшілік практика субъектілері) уәкілетті мемлекеттік органдары "Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкіні құру және оның жүргізілуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 қазандағы № 114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9869 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 114 бұйрық) сәйкес және атқарушылық іс жүргізу органдары "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 нысанды есепті және оны құрастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2015 жылғы 24 ақпандағы № 38 Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен көзделген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10567 болып тіркелген) ақпараттық есепке алу құжаттарының негізінде ұсынған мәліметтері негізінде қалыптастырылады.

4. "Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы деректер банкіні және оны жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 12 тамыздағы № 81 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9724 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы деректер банкіні жүргізу жөніндегі нұсқаулығында:

7-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Комитеттің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша басқармасына бұдан бұрын мәліметтері жіберілген тұлғаларға қатысты үкімді өзгерту, босату, шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе өлімі туралы хабарламалар.";

8-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Деректер банкінде мәліметтері бар азаматтың жазбаша өтінішінің негізінде түзету ақпаратын енгізуге жол беріледі. Түзету енгізу туралы өтініші Комитеттің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша басқармасына жіберіледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Комитеттің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша басқармасының қызметкері растау құжаттарын алғаннан кейін бес (5) жұмыс күнінің ішінде ақпаратты карточкаға толтырады және оның графикалық көшірмелерін енгізеді.";

17, 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. ҚР СІМ КҚД шетелдердегі мекемелерден келіп түскен құжаттарды бес (5) жұмыс күнінің ішінде Комитеттің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша басқармасына жөнелтеді.

18. Шетелдердегі мекемелер Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, деректер банкін толықтыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Комитеттің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша басқармасы ҚР СІМ КҚД арқылы, Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесінен басқа тиісті шетелдегі мекемеден қосымша мәліметтерді сұратады.";

5. "Есірткі заттардың, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелеріне байланысты құқық бұзушылықтар туралы" статистикалық есеп нысанын құрастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 101 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9859 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Есірткі заттардың, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелеріне байланысты құқық бұзушылықтар туралы" статистикалық есепті құрастыру жөніндегі нұсқаулығында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құқықтық статистика субъектілеріне: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі,

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қаржылық мониторинг комитеті жатады.

7-тараудағы "Есірткі құралдарын, психотропты заттарды және прекурсорларды залалды қолданатын және тәуелділігі бар ауруларды есепке қою нәтижелері туралы мәліметтер" бойынша деректердің есебін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, облыстардың әкімдіктерінің денсаулық сақтау басқармалары және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің аумақтық бөлімшелері ұсынады."

6. "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды статистикалық есепті және оны құрастыру нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 102 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9852 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды есепті құрастыру бойынша нұсқаулығында:

8-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"8. СДТБТ-ға ЭАЕК-ны толық жүктегеннен кейін соңғы есепті мерзімнің 00.00 сағатында (Нұр-Сұлтан қаласы уақыты бойынша) белгілі бір кезеңде қалыптастырылған статистикалық есепті есептеу жүргізіледі (статистикалық қиынды), ол есепті кезеңнен кейінгі айдың 2-жұлдызында бекітіледі.

Белгілі бір уақыт аралығында қалыптастырылып, бекітілген статистикалық есепке (статистикалық кесіндіге) қандай да бір түзетулерді енгізуге тыйым салынады".

7. "Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы орталықтандырылған деректер есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 қазандағы № 114 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9869 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі - Нұсқаулық):

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар туралы мәліметтер туралы қаулы орындалған күннен бастап үш жыл көлемінде сақталады (2015

жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 13-бабы);

Нұсқаулықтың 1-қосымшасы осы Тізбенің 3-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

8. "Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты арнайы есепке алуды жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 6 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10193 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

осы бұйрықтың 2-қосымшасында:

Ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе: 2-13-көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 218, 258-баптары бойынша сотталған адамдарға қатысты мәліметтердің болуына Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйесін "Арнайы есепке алу" Автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен тоқсан сайынғы салыстыра тексерулерінің нәтижелері бойынша және "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) бекітілген әліпбилік есепке алу карточкасының негізінде толтырылады.

14-15-көрсеткіштер атқарушылық құжаттың және Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 38 "№ 4 нысанды "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" және оның құрылуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген 4.0, 4.1 нысанды карточкалардың негізінде толтырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10567 болып тіркелген).

9. "Сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдардың есебін жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 11 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10218 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдардың есебін жүргізу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп Комитеттің аумақтық органдарының "Азаматтық-құқықтық саладағы соттық нысанды есептерді және оны қалыптастыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 2 қарашадағы № 124 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16009 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 124 бұйрық) сот шешімдерінің кестелік көшірмелерін, азаматтық іске арналған электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын (бұдан әрі – ЭАЕК), жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса отырып, сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдар туралы мәліметтерді (бұдан әрі – есепке алу деректері) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) АЕА ААЖ-ға енгізу жолымен жүзеге асырылады";

11- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Тоқсан сайын Комитеттің аумақтық органдары АЕА ААЖ-ның есептік мәліметтеріне № 124 бұйрықпен бекітілген, "Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған сот есептерінің статистикалық ақпараттарымен салыстыра тексеру жүргізеді";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Адамды әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы сот шешімінің қайта шығарылуын жою мақсатында, өтініш Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексі 323-бабының тәртібінде келіп түскен кезде Комитеттің аумақтық органы соттың талабы бойынша есепке алу жөнінде тексеріс жүргізеді және бес жұмыс күнінің ішінде адамды әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы ақпараттың болуы немесе болмауы туралы мәліметті ұсынады.

Әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп есепте тұрған адамға қатысты талап келіп түскен жағдайда Комитеттің аумақтық органдары соттарға азаматтық істің нөмірі және шешім шығарған сот туралы мәліметтерді хабарлайды.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдар туралы есепке алу деректерін талап ету тәртібі "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен регламенттеледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген).".

10. "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 нысанды есепті және оны құрастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 38 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10567 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 нысанды есепті құрастыру жөніндегі нұсқаулығында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының жиынтық есебіне (Комитет статистикалық кесіндіні бекіткеннен кейін) Комитеттің аумақтық басқармаларының бастықтары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы Әділет департаменттерінің басшылары және жеке сот орындаушыларының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы өңірлік палаталарының басшылары қол қояды, олар жергілікті жерлерде аталған есептердің сақталуын қамтамасыз етеді (Комитетке жолдамайды)".

11. "Адамдардың жарақаттануларына немесе қаза болуларына әкелген жол көлік оқиғалары туралы" статистикалық есептің нысанын және оның қалыптастыруы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 131 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12397 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған:);

"Адамдардың жарақаттанулары немесе қаза болуларына әкелген жол көлік оқиғалары туралы" статистикалық есеп осы Тізбенің 4-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Адамдардың жарақаттанулары немесе қаза болуларына әкелген жол көлік оқиғалары туралы" статистикалық есебін қалыптастыру бойынша нұсқаулығында:

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Карточка нөмірі" 1-деректемесінде әкімшілік полиция бөлімшесінің ЖКО-ны есепке алу журналына сәйкес тіркелген карточканың реттік нөмірі сандардың бірінші жұбы болып – толтырылған жылы, екінші жұбы – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың коды, үшінші жұбы – ауданның немесе қаланың коды, төртінші жұбы – ведомствоның коды,

тоғызыншы саны – резервті нөмірі және соңғы сандары (5 белгі) белгіленеді, одан әрі тіркеуші орган көрсетіледі."

12. "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 147 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12893 болып тіркелген, 2016 жылы 1 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған:);

бұйрықтың преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"2007 жылғы 12 қаңтардағы "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес", **БҰЙЫРАМЫН:**";

13. "Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдардың есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 24 наурыздағы № 49 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13613 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдардың есебін жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды есебін жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы Заңы орындау үшін, "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңының 12-бабы 3-тармағының 10-1) және 11) тармақшаларына сәйкес есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 12-1 бабының және "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан

Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы Заңының 9-бабының, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының 12-бабының талаптарын орындау үшін әзірленді."

14. "Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған адамдарды есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 22 маусымдағы № 113 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13977 болып тіркелген, 2016 жылғы 10 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған адамдарды есепке алуды жүргізу қағидаларында:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Есепке алу бойынша тексеруге мемлекеттік қызметке кіруге үміткер, сонымен қатар қолданыстағы заңнамаға сәйкес адамға қатысты өзге де тексеру іс-шараларын жүргізген кездегі барлық адамдар жатады.

Бланкілердің нысандары, оларды толтыру және есепке алулар бойынша тексеру үшін жолдау тәртібі, сондай-ақ орындау мерзімдері Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдаланудың қағидаларында белгіленгенмен бірдей (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген).

Адамдар туралы ақпаратты сұрату ақпараттық сервис арқылы Комитеттің " Жеке тұлғаға талап" порталында жүзеге асырылады. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерін осы порталда тіркеу мүмкіндігі болмаған жағдайда, мәліметтерді алу әрбір тексеруші тұлғаға жеке ресімделген талапты Комитетке және оның аумақтық органына жолдау арқылы жүргізіледі.";

Қағидалардың 1-қосымшасы осы Тізбенің 5-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

15. "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы" № 3-К нысанды есепті және оны қалыптастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 125 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14126 болып тіркелген, 2016 жылғы 1 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы" № 3-К нысанды есебінің:

осы Тізбенің 6-қосымшасы "Эпизодтарды есепке алуынсыз сыбайлас жемқорлық қылмыстық істері бойынша мәлімет";

1-1-бөлімімен толықтырылсын;

2, 3, 4, 5-бөлімдері осы Тізбенің 7-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

16. "Анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен, туысқандарымен байланысты жоғалтқан адамдарды, өзі туралы анықтамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ адамдарды, жеке басы анықталмаған мәйіттерді және атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер, мемлекеттің мүддесі үшін ұсынылған, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы, мертігуден немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, асыраушының мертігуінен немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, қайтыс болуынан келген залалды өтеу туралы талап қоюлар бойынша жауапкер болып табылатын іздеудегі адамдарды арнайы есепке алуды жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 4 тамыздағы № 78 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15639 болып тіркелген, 2017 жылы 18 қыркүйекте Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен, туысқандарымен байланысты жоғалтқан адамдарды, өзі туралы анықтамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ адамдарды, жеке басы анықталмаған мәйіттерді және атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер, мемлекеттің мүддесі үшін ұсынылған, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы, мертігуден болмаса денсаулығының өзге де зақымдануынан, асыраушының мертігуінен немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, қайтыс болуынан келген залалды өтеу туралы қуынымдар бойынша жауапкер болып табылатын іздеудегі адамдарды арнайы есепке алуды жүргізу және пайдалану ережелерінде:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комитеттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана басқармалары, Әскери басқармасы және аймақтық көлік басқармасы (бұдан әрі – Комитеттің аумақтық органдары) жергілікті іздестіру есепке алуын жүргізуді және АЕА ААЖ -ға мәліметтерді енгізуді жүзеге асырады.";

31-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"5) өзі туралы анықтамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ, АЕАК өзіне қатысты өтініш тіркелген психикалық немесе басқа да аурулар себебінен, балалығына байланысты өзі туралы сауалнамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ тұлғалар."

17. "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген, 2018 жылғы 10 сәуірде Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдаланудың қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"32. Қамауға алу орны бойынша 2-дактилоскопиялық карта құрастырылады және арнайы қабылдаушықа орналастырған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса сала отырып , бір данада Комитеттің аумақтық органына жолданады.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. АЕҚ анықтама жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы арнайы шкафтарда сақтауға жатады. Шкафтар оқшауланған және заманауи өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған, күзет және өрт дабылдары бар жеке орынжайларда (картотекаларда) орналастырылады. Картотека орынжайы көрші кабинеттерден жанбайтын қабырғалармен бөлінуі тиіс.

Картотека үй-жайларына кіру кодты құлыптары бар металл есікпен жабдықталады. Картотека орынжайының терезелерінде ашылатын металл торлар орнатылуы қажет (ішінен құлыппен жабылатын).

Газ, су және кәріз құбыржолдары өтетін үй-жайларына орынжайларға картотека орналастыруға рұқсат берілмейді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 576 қаулысымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына сәйкес АЕҚ-ті жарықпен, температуралық-ылғалдылық және санитарлық-гигиеналық режимдермен қамтылған тиісті жағдайларда сақтау қажет.";

92-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"болмаса, тексерілетін адамды ұстауды немесе қамауда ұстауды (қамауға алу) жүзеге асырған орган, аумақтылығы бойынша Комитеттің тексеру жүргізген аумақтық органына жатса, дактилоскопиялық картотекада іс жүргізу шешім туралы мәліметтердің болуын тексеру керек, сондай-ақ тиісті қылмыстық қудалау органдарына, тергеу изоляторына, гауптвахтаға сот пен архивтерге осы іс бойынша ақпарат алу үшін сұрау жолдауы қажет.";

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Қорғаушылар, адамдарға заңдық көмек көрсеткенде, арнайы есептің мәліметтерін тек оның нақты іске қатысын растайтын (адвокаттың куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (өкілдік ету), шарт, тергеу органының (анықтау) болмаса соттың жазбаша бекітуі) және мүддесін қорғайтын адамның жеке басы куәлігі құжаттардың көшірмесін сала отырып, Комитеттің аумақтық органына жазбаша түрде жүгінгенде, басқа адамның емес көмекке жүгінген адамның мәліметтерін сұрата алады.

Қорғаушының сұрауына қоса берілген құжаттардың барлық көшірмелерінде, тек құқығы және мүддесі қорғалатын (ұсынылатын) адамның сауалнамалық деректері ғана көрсетілуі қажет.

Қорғаушылардың сұраулары Комитеттің аумақтық органына келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде орындалады, және осы Қағиданың 79-тармағында көрсетілген барлық мәліметтер ұсынылады.

Сұраудың Комитетке және оның аумақтық органдарына келіп түскен күні оның орындалу мерзіміне кірмейді." .

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу саласындағы өзгерістер
енгізілетін кейбір

бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Мемлекеттік қызметтен
жағымсыз себептермен
босатылған адамдарды есепке
алу ісін жүргізу және пайдалану
қағидаларына
қосымша
Нысан

№ 1- ЖС нысанның мемлекеттік қызметтен жағымсыз себептермен босатылған адамдарды есепке алу карточкасы (органның кадр қызметімен қалыптастырады)

1. _____

_____ (органның атауы)

2. Жасаған: лауазымды адам, саяси мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметші.

2.1. Жасады: сөздік деректеме;

құқық қорғау органдарының қызметкерлері: сөздік деректеме;

арнайы органдардың қызметкерлері: сөздік деректеме;

органдардың әскери қызметші-қызметкерлері: сөздік деректеме;

министрліктер мен агенттіктердің қызметкерлері: сөздік деректеме;

әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметшілері, өзге де мемлекеттік құрылымдардың қызметшілері.

3. Мемлекеттік қызметтен жағымсыз себептермен босатудың негіздері:

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы осы судьяға қатысты айыптау үкімінің заңды күшіне енуі, қылмыстық істің Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі- ҚР ҚПК) 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде сотқа дейінгі сатыда тоқтатылуы; 1-тармағының 11) тармақшасы кәсіби жарамсыздығына орай судьяның атқаратын лауазымына сай келмейтіні туралы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімі; 1-тармағының 11-1) тармақшасы судьяның тәртіптік теріс қылық жасағаны немесе осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін оны лауазымынан босату қажеттілігі туралы Сот жюриінің шешімі.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің өз кірістері мен өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлкі

туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынуы; 1-тармағының 8) тармақшасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндеттерді және (немесе) шектеулерді сақтамауы; 1-тармағының 9) тармақшасы өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы меншік құқығымен тиесілі үлестерді, акцияларды (акцияны) және пайдаланылуы кірістер алуға әкелетін өзге де мүлікті сенімгерлік басқаруға бермеуі; 1-тармағының 11) тармақшасы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы; 1-тармағының 12) тармақшасы қылмыс не қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі; 1-тармағының 13) тармақшасы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін бұрын қызметтен шығарылған, сондай-ақ қылмыстық топ құрамында қылмыс жасаған адамды мемлекеттік әкімшілік лауазымға қабылдау; 1-тармағының 14) тармақшасы қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс туралы соған қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі (бұдан әрі - ҚР ҚК) Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі аяқталғанға дейін ҚР ҚПК 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатқан адамды мемлекеттік әкімшілік лауазымға қабылдау; 1-тармағының 15) тармақшасы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық істің ҚР ҚПК 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатылуы, сондай-ақ қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс туралы қылмыстық істі қылмыстық қудалау органының немесе соттың ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі аяқталғанға дейін ҚР ҚПК 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатуы; 1-тармағының 16) тармақшасы мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылатын көрінеу жалған құжаттарды немесе мәліметтерді мемлекеттік қызметке кіру кезінде ұсынуы; 1-тармағының 21) тармақшасы мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасауы;

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны үшін; 1-тармағының 12-1) тармақшасы аумақтық құқық қорғау органының басшысы - а) қылмыстық құқық бұзушылықтарды есепке алудан жасыруға; б) бағынысындағы қызметкердің азаматтардың Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөлімінде көзделген, заңды күшіне енген сот актілерінде не қылмыстық қудалау органдарының Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-

бабының бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтарының және 36-бабының негізінде қылмыстық істі тоқтату туралы шешімдерінде белгіленген конституциялық құқықтарын өрескел бұзумен байланысты қылмыс жасауына; в) азаматтардың Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғарыда көрсетілген бөлімінде көзделген конституциялық құқықтарын бұзумен байланысты тәртіптік теріс қылықтардың ұдайы жасалуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдамағаны үшін; 1-тармағының 13) тармақшасы құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін; -тармағының 14) тармақшасы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауына байланысты; 1-тармағының 15) тармақшасы қылмыс жасағаны үшін соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне, қылмыс туралы қылмыстық істің ҚР ҚПК 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатылуына байланысты; 1-тармағының 16) тармақшасы "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді бермегені немесе бұрмалағаны үшін;

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы мынадай теріс себептер бойынша: 1 - қылмыс жасағаны үшін соттың айыптау, оның ішінде шартты түрде айыптау үкімінің заңды күшіне енуі; 2) - қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан ҚР ҚПК 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылуы; 3) - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әскери атағынан айыру; 4) - әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаң күйде болу, сондай-ақ мамандандырылған медициналық мекемелерде (наркологиялық диспансерлерде) алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаң күйді туғызатын заттарды тұтыну тұрғысынан медициналық куәландырудан өтуден бас тарту немесе жалтару; 5) - әскери қызметшінің келісімшарттың талаптарын жүйелі түрде бұзуы; 6) - осы Заңның 38-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді ұсынбау немесе бұрмалау; 7) - педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, кез келген ақылы қызмет түрлерімен айналысу; 8) - арнаулы мемлекеттік орган немесе ішкі істер органы әскери қызметшісінің қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелсіз себептермен қызметте болмауы; 9) - мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, оларды тасығыштарды жария етуге немесе жоғалтуға әкеп соқтырған құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген талаптардың бұзылуы; 10) – "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған жағдайлар; 11) - осы адамға заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы меншік құқығымен тиесілі үлестерін,

акцияларын (акциясын) және пайдалану кіріс алуға әкелетін өзге де мүлікті сенімгерлік басқаруға бермеу;

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 14-тармағының 1) тармақшасы қызметкердің қызметте, оның ішінде ара-тұра болуы, алкогольден, есірткіден, психотроптан, уытқұмарлықтан (оларға ұқсас заттардан) масаң күйде болуы, сондай-ақ есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаң күйге ұшырататын заттарды (оларға ұқсас заттарды) пайдалануы, оның ішінде ара-тұра пайдалануы, сондай-ақ мамандандырылған медициналық мекемелерде (наркологиялық диспансерлерде) алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаң күйге ұшырататын заттарды (оларға ұқсас заттарды) пайдалануға, оның ішінде ара-тұра пайдалануға медициналық куәландырудан өтуден бас тарту немесе жалтару; 14-тармағының 2) тармақшасы қызмет жағдайын жеке пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану; 14-тармағының 3) тармақшасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен, оның ішінде коммерциялық делдалдықпен айналысу;

